

2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 14 толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 8 маусымдағы N 272 бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 шілдеде тіркелді . Тіркеу N 1182

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілетті және атқару органдары туралы" Z934100_ Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"7.6.274.38 Елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарын жүргізу" деген

жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"7.6.274.47 Елді мекендерді көріктендіру объектілерін салу және қайта құру";

"12.3.215.80.81 Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен жобаны жүзеге асыру" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"12.3.273 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын инфраструктура мен құрылыс атқару органы

12.3.273.33 Кеме жүретін Орал-Каспий каналы мен Қиғаш өзенінің арнасын тереңдету жұмыстары".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін
атқарушы

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК